

**Оңтүстік Қазақстан облысы
Түркістан қаласы
«Шыпан» жалпы орта мектебі**

Тақырыбы: Жұрнақ пен жалғау

Пәні: Қазақ тілі
Сыныбы: 3-сынып

Мұғалім: Ергешова Сабахат

Пәні:	Қазақ тілі
Сыныбы:	3-сынып
Тақырыбы:	Жұрнақ пен жалғау
Мақсаты:	оқушыларға жұрнақ пен жалғау туралы түсінік беру; оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету
Сабақ түрі:	Аралас сабақ
Әдіс-тәсілдер:	Ой қозғау, сұрақ қою, табу, іздену, ойын
Оқыту формалары:	Топпен жұмыс
Көрнекіліктер:	Тірек-сызба, сөзжұмбақ, перфокарта, үлестірмелер

Ұйымдастыру кезеңі: оқу құралдарын дайындау, түгелдеу, Назарларын сабаққа аудару

Қазір қандай сабақ екенін еске түсіріп жіберейік.

Қазақ тілім - өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім.

-Міне , балалар, ғұлама, кемеңгер ақындарымыздың тілі – қазақ тілі сабағына бүгін қонақтар қатысып отыр. Қонақтарға амандасып, сабағымызды бастайық. Сәлемдесу.

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Сәлем бердік сіздерге,
Құрметпенен біз.

2. Үй тапсырмасын тексеру

2-топ мүшелері тақтадан көрген Қазақстан Республикасының рәміздері бойынша өз білгендерін айтып шығады. 3-топ Отан, туған жер туралы мақал –мәтел айтады

Жаңа сабақ мазмұны:

Барлық топтар тақтада берілген сөзжұмбақты шешу арқылы жаңа сабақ тақырыбын табады.

1. Жыр алыбы
2. Балаға білім беретін кісі
3. Зат есім сұрағы

4. Ас атасы - . . .
5. Заттың санын білдіретін сөздер
6. Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті

				Ж	А	М	Б	Ы	Л
				Ұ	С	Т	А	З	
Н	Е	Л	Е	Р					
				Н	А	Н			
			С	А	Н	Е	С	І	М
				Қ	А	Р	Б	Ы	З



1. Жәди деп аталатын қазақша ай аты?
2. Қыс, Күз өлеңдерінің авторы
3. Етістік өзбекшеде қалай аталады?
4. Адамға ең жақын құс
5. Ең мейірімді жан
6. Киіз үй жабдығы

					Ж	Е	Л	Т	О	Қ	С	А	Н
					А	Б	А	Й					
		Ф	Е	Ъ	Л								
Қ	А	Р	Л	Ы	Ғ	А	Ш						
					А	Н	А						
					У	Ы	Қ						

Ережесі тақтада шығады.

Қосымшалар жалғау, жұрнақ болып екіге бөлінеді. Сөз мағынасын өзгертетін қосымшаларды жұрнақ дейміз. Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаларды жалғау дейміз.

Оқулықпен жұмыс:

153-жаттығу. Әрбір берілген сөздің түбірі мен қосымшасын ажыратып, қосымша жалғанғанда сөздердің көрінісі өзгерді, сөздердің мағынасы өзгеріп, не өзгермеуін айтады.

Қуыршақ-тар, өсімдік-тер, оқу-шы, жұмыс-шы, жүзім-дер, парта-лар, қой-шы

Оқушыларды топқа ажыратып, оларға ат қою.

Дәптермен жұмыс: Сөздерді оқы, түбірі мен қосымшасын ажыратып жазу.

Оқу-шы	Ән-ші	Талап-та
Оқу-лық	Ән-дер	Талап-кер
Оқу-ға	Ән-ді	Талап-пен

Сергіту сәті: Жаза-жаза жазуды,
Көркем етіп жазамыз.
Талып кетті қолымыз,
Бестік баға аламыз.

Перфокартамен жұмыс шарты сөз таптары мен сөздерді дұрыс табу

Сөз таптары \ Сөздер	Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік
Қыздар	+			
Үшінші			+	
Әсем		+		
Отыр				+

154-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, сөздердің қосымшасын табады. Қосымшалардың жұрнақ не жалғау екенін айырады.

Үлгі: Теңізде балықтар жүзіп жүр.

Ал, келіндер, келіндер,

Біріңе бірің еріңдер.

Біліміңді тексеріп,

Ойынға қатысып көріңдер.

«Баспалдақ» ойынын ойнату. Шарты 3 топта белгілі бір әріптен басталатын сөздерді жазады.

Бал

Қал

Ол

Бала

Қала

Осы

Балға

Қалам

Ойла

Балжан

Қарбыз

Оқушы

Балапан

Қарақат

Оқулық

Бақыткүл

Қалампыр

Орындық

III. Жаңа сабақты пысықтау:

А) «Кім жылдам?» ойынын ойнау. Шарты қай жағынан оқысаң да бірдей дыбысталатын бірнеше сөз ойлап жазу

Мысалы: кесек, қырық, қазақ т.б.

Ә) Жұмбақ шешу.

1. Иесі оның сәби

Әрі төсек,

Әрі үй. (бесік)

2. Ақ дуалдың ар жағында қызыл ат,

Байлауынан бір босамас қызыл ат (Тіл)

3. Көліксіз өмір сүрмейді,

Ғұмыры жаяу жүрмейді.

(Ер-тоқым)



- **Сабақтың нәтижесі**
- **Ойлау қабілеті артады.**
- **Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті дамиды.**
- **Бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді.**
- **Сөздік қоры көбейеді.**
- **Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.**